

## БӨЛІМ: ЖАЛПЫ РУБРИКА

## Түрлі - түсті дөңгелектер

ЖАРИЯЛАНДЫ  
27.01.2020СІЛТЕМЕ  
<https://bilimger.kz/65927/>

Бірінші кіші «Балдәурен» тобы

Тақырыбы: Түрлі — түсті дөңгелектер

Білім беру саласы: «Таным»

Кіші сала: Сенсорика.

Мақсаты: Балаларға негізгі төрт түстерді топтастыруға үйрету: қызыл, сары, көк, жасыл.

Алдын - ала жұмыс және оқу іс — әрекетіне дайындық: «Түстерді қайталау»

Сөздік жұмыс: Қызыл, жасыл, көк, сары

Дидактикалық құралдар: Шарлар, қағаз түстері

Блингвистикалық компоненті: Қызыл — красный, Көк — синий

Сары — желтый, Жасыл — зеленый

Іс — әрекет кезеңі Педагогтың басқарымдық қызметі Балалардың әрекеттері

І - кезең Мотивациялық қозғаушы Тақтаға түрлі — түсті дөңгелектер ілінеді, жәнеде дөңгелек шарлар қойылады.

Түрлі - түстерге тоқталу. Балалардың ойынға деген қызығушылықтары артады.

<p>Проблемалық ізденушілік Қане түсу тұрайық Амандасып алайық, Сәлеметсіңдер ме, балалар! Сәлеметсіз бе апай! Балаларға тақпақтарды ұсыну. Балалар қане, қазір біз түрлі — түстерге әлеміне саяхат жасаймыз. 1 — аялдама: «Шарлар» аялдамасы Ал, қане балалар біз аялдамаларды өтіп шығу үшін автобуспен жүріп барамыз. Қане балалар біз бірінші аялдамамызға келдік түсіңдер. Біз қандай аялдамаға келдік? «Шарларды өз себетіне жинаймыз» Дөңгелек шарларды себетке жинап қойып, балаларды шығарып музыкамен сол шарларды, өз түстерімен себетке жинатқызу. Қызыл, сары, көк түсті. Міне шарлар көп тіпті. Қане қайсысын таңдайсың, түсін біліп алғайсың. Ал балалар енді, келесі аялдамаға барайық. 2 – аялдама «Үйшік» аялдамасы «Үйдің терезелерін саламыз» Балаларға геометриялық пішінді үйдің бейнесін беріп, сол үйдің терезелеріне өз — өз пішіндерін дұрыс орын – орына қоямыз. (Музыкамен) Жарайсыңдар балалар! Ақ қанатты көбелек, Көп қанатты көбелек, Қызыл қанат көбелек Біздің үйге келек кет. Сергіту кезеңі: Бала — бала балақан Қане көрсет алақан Саусақтарым айбат Былай – былай ойнат Топ – топ басамыз Шапалақты қосамыз Жаса, жаса алтын күз Жаса, жаса жарқын күз Балалар автобусымызға мінейік келесі аялдамаға кеттік. Балалар бұл қандай аялдама? 3 — аялдама «Пирамида» аялдама Балалар бірінші біз пирамиданы жинамас, бұрын ең үлкенінен кішісіне қарай жинаймыз. Ал балалар апаймен бірге жинаймыз. (Музыкамен) Жарайсыңдар балалар! Балалар біздің енді топқа кететін уақытымыз болды. Топқа кеттік. Автобуска отырып топқа келеміз.</p>	<p>Балалар автобустан түсіп, аялдаманы атайды. Бірінші аялдама «Шарлар» аялдамасы Балалар қуана – қуана қызығушылық танытып шарларды жинайды.  Балалар апаймен бірге геометриялық пішіндер арқылы үйдің терезелерін салады.  Пирамида аялдамасы Апаймен бірге пирамиданы балалар жинайды.</p>
<p>Рефлекстік түзетуші Қане, балалар шеңберге тұрайықшы. Балалар бүгін біз сары, жасыл, көк, қызыл түстерімен таныстық, енді сендер осы түстердің өз – өз ілгіштеріне апарып іліңдер Балалар бүгін қандай жұмыс жасадық? Қандай түстер үйрендік? Жарайсыңдар балалар!</p>	<p>Мадақтау. Топқа келеді. Шеңберге тұрады. Балалар әр түсті өз – өз ілгіштеріне апарып іледі. Аялдамалар арқылы ойындар ойнадық. Көк, сары, қызыл түстерді</p>

Күтілетін нәтиже:

Жаңғыртады: Түстерді, дөңгелектерді

Түсінеді: Шарлар арқылы түстерді, ойын арқылы топтастыруды.

Қолданады: 4 түстерді топтастыруға үйренеді

**ҚМ АА** Күәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz Ақпараттық-танымдық білім порталы**. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.